

2014 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қаңтардағы № 35 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 ақпанда № 2528 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 487 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 20.02.2015 № 487 хатымен).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына сәйкес, Ордабасы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты б о л а д ы .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 15.09.2014 № 478 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Сәдірмекке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Сапарбаев

**2014 жылы ақшылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі,
қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың
көздері**

Р/с №	Ұйымдардың атауы	Жылына қоғамдық қызметкерлерге сұраныс, адам	Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері	Қаржыландыру көздері
1	«Ордабасы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	4	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасауға көмектесу – 150 бет, мәтіндерді басу және шығару – 150 бет, хаттарды жеткізу – 100 хат.	Аудандық бюджет
2	«Ордабасы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	15	Әлеуметтік жәрдемақыларға құжаттарды рәсімдеуге көмектесу - 1400 іс, мұрағат құжаттарын өңдеуге көмектесу – 550 іс, құжаттарды тігу – 1000 іс	Аудандық бюджет
3	«Ордабасы ауданы әкімдігінің «Темірлан» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	84	Көшелерді және аумақтарды қоқыстардан тазалау, автокөлікке арту – 144000 шаршы метр.	Аудандық бюджет
4	«Ордабасы аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі	200	Елді мекендерде қоғамдық тәртіпті сақтауға көмектесу – 59 елді мекен	Аудандық бюджет
5	«Қажымұхан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	30	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасау – 100 бет, факс жіберу – 110 бет, мәтіндерді басу және шығару – 200 бет, хаттарды жеткізу – 250 хат.	Аудандық бюджет
6	«Бадам ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	25	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
7	«Қараспан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	30	14 елді мекен аймақтарын көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
8	«Төрткөл ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	24	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
9	«Шұбарсу ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	40	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
10	«Бөржар ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	24	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 35000 шаршы метр	Аудандық бюджет

11	«Шұбар ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	24	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 35000 шаршы метр	Аудандық бюджет
12	«Қаракұм ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	16	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 30000 шаршы метр	Аудандық бюджет
13	«Жеңіс ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	16	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 30000 шаршы метр	Аудандық бюджет
14	«Бөген ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	16	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 30000 шаршы метр	Аудандық бюджет
15	«Нұр Отан» партиясы қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық филиалы	2	Құжаттарды дайындауға көмектесу – 300 іс, азаматтардан түскен арыз және үндеулер бойынша курьерлік жұмыс жасау – 200 хат	Аудандық бюджет
	Барлығы	550		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.